

Азаматтық қызметші болып табылатын және Темір ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 85 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 наурызда № 5298 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы № 318 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 10.01.2019 № 318 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 139 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 4 тармағына сәйкес Темір аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және Темір ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарына қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда аудандық бюджет қаражаты есебінен жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

2. Темір аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 мамырдағы № 189 "Азаматтық қызметші болып табылатын және Темір ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3931 тіркелген, 2014 жылғы 13 маусымда "Темір" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Темір аудандық мәслихатының
сессия төрағасы
Г.ҚАЛИЕВА*

*Темір аудандық мәслихатының
хатшысы
Б.ІЗБАСОВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК